

Музыка жетекшісінің 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Балбөбек» бөбекжай-бақша

Топ: ересек топ

Балалардың жасы: 4 - 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка	<p>- <u>балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну</u> <u>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға моттандыру,</u> <u>музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</u> Музыка тыңдау. <u>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау)</u> <u>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу,</u> <u>тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың</u> <u>мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, бау, жылдам), жоғары</u> <u>дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді</u> <u>иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.</u> Ән айту. <u>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді солып, қимылдармен үйлестіріп айтуды</u> <u>қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында</u> <u>тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын</u> <u>жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз ән айтуға</u> <u>баулу (тәрбиешіні көмегімен).</u> Музыкалық ырғақты қимылдар. <u>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық</u> <u>тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына</u> <u>қарай жеңіл, ырғақты жүтіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен</u> <u>еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту.</u></p>

Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Барабанда әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.

Билер.

Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының билердің атауларын есте сақтау.

Жеңіл, ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.

Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен еңгілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.

Қазқтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамақай» биін үйрету.